

Список литературы

1. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030. — Алматы: Білім, 2001. — 29 с.
2. Назарбаев Н.А. К экономике знаний через инновации и образование // Казахстанская правда. — 2006. — 27 мая. № 131–132. — 27 мая.
3. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. — М.: Педагогика, 1990. — С. 8.
4. Шахмаев Н.М. Дифференциация обучения в средней школе // Дидактика средней школы. Некоторые проблемы современной дидактики / Под ред. М.А.Данилова и М.Н.Скаткина. — М.: Просвещение, 1975. — С. 251–281.
5. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. — М.: Просвещение, 1982. — 192 с.

ӘОЖ 81'243

Көптілдік білім беру жағдайында шетел тілін оқыту проблемалары туралы

Аязбекова Б.Қ.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются проблемы преподавания иностранных языков в условиях полиязычного образования. По мнению автора, концептуальной основой для определения целевого назначения, содержания и обучающих стратегий полилингвистического развития личности в условиях полиязычия служит социокультурный подход к языковому образованию. Социокультурное образование средствами соизучаемых языков (государственного языка, языка межнационального общения и иностранного языка) является необходимым условием для подготовки специалиста к межкультурному общению. Автор уделяет большое внимание обновлению содержания образования, технологиям обучения, формам и методам работы в условиях полиязычного образования.

This article is dedicated to the problems of foreign language teaching within multilingual education. On author's opinion the major basis to determine the object, content and educational strategy of polylinguistic development within multilingual education is social and cultural approach of language teaching. Social and cultural education with the help of co-studying languages (native language, language of international communication and foreign language) is considered to be necessary thing to prepare a specialist to intercultural communication. The author pays a great attention to renewal of the education content, teaching technologies, forms and methods of work within multilingual education.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа қарқынды енуі — инновациялық-индустриалдық экономика, қоғамның ақпараттануы, білім кеңістігінің сәйкестілігі және халықаралық стандарттың енгізілуі адамның санасын және мінез-құлқын түбірінен өзгертеді, адам баласы осылардың көмегі арқылы өзін қоршаған ортаны өзгертеді және өзі де өзгереді.

Қоғам мен сананың қоғамдық қалпының әлеуметтік және тарихи қайта құрылуы және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарға бағыты, әлеуметтік-тарихи қажеттілік, ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігі, мәдени уақыт талабы ретінде Президенттің «Үштұғырлы тіл» туралы мәдени жобасының өзектілігін көрсетті, және Қазақстан Республикасында қазақ — орыс — ағылшын: мемлекеттік тіл — ресми — әлемдік стратегиялық мақсаттылық болып табылады, үш тілдің артықшылығын бекітті [1].

2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың тұжырымдамасы әлемдік стандарт талабына сай білікті кәсіби мамандарды дайындаудың формасы мен әдістерін сапалы жаңартуға бағытталған. Бұл жерде осыған орай рөлі өсіп отырған, және жас ұрпақты өзара байланысты және өзара бағынышты әлемде өмір сүру жағдайына дайындаудың тиімді құралы ретінде қарастырылатын, көптілдік білім беруге басты назар аударылады.

Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас жасау тілі ретінде республикалық мәндегі пәндер дәрежесіне көшірілді және жалпы пәндер қатарында мемлекеттік тіл (қазақ тілі), орыс тілі — ұлттар арасындығы қарым-қатынас тілі қатар тұрады. Осыған орай тілді меңгеру ғана емес, оны шынайы қарым-қатынас жасауда қолдана білу, яғни тілді практикалық тұрғыдан меңгеру, демек, «мәдениаралық біліктілік» туралы сөз болып отыр. Стратегиялық міндеттердің бірі ретінде

мемлекеттік тілді оқыту, халықаралық қарым-қатынас ретінде орыс тілін, сонымен қатар шет тілдердің біреуін (ағылшын тілді) оқыту басқа мәдениетке, тарихқа, географияға, әдебиетке, өнерге, ғылымға бейімдеу арқылы білімдік мақсаттардың жетістігіне кепілдеме береді. Сонымен бірыңғай дүниежүзілік мәдениетке кіретін өз елінің мәдениеті туралы білімдерін тереңдету және туған тілін саналы және терең білу жүзеге асады [2].

Ғылыми зерттеулер және туған тіл мен шет тілді өзара байланыс арқылы оқыту практикасы тұлғаның жан-жақты дамуына тілдердің жақсы әсер ететінін және өзара байытатынын дәлелдейді.

«Пәндік білімді шет тілінде оқыту» түсінігі тілдерді шет тілі арқылы қандай да бір пән бойынша нақты білімді меңгеру құралы ретінде қолдануды ұсынады.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай қазақ, орыс, және шетел тілдерін меңгерген мамандарды дайындауға байланысты әлеуметтік тапсырысты қалыптастырғаны белгілі. Осындай мамандарға деген қоғамдық сұраныс көптілдік білім берудің рөлін арттыруда. Қоғамда ғылымдағы, техникадағы, әр түрлі елдердің мәдениетімен танысудағы жетістікке байланысты, шетелдіктермен жаңа кәсіби, жеке, мәдени, ғылыми қарым-қатынас жасауға қызығушылық неғұрлым үлкен болса, кәсіби тиімді тәжірибе алмасу үшін, кәсіби қарым-қатынас жасауды реттеу құралы ретінде және осыған байланысты маманның жеке кәсіби тұрғыдан қалыптасуында көптілдіктің дәрежесі соғұрлым жоғары болады.

Осы кезеңдегі жоғары мектептің міндеті болашақ мамандарды көптілдік және көпмәдениеттік әлеммен өзара әрекет жасауға дайындау болып табылады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің мақсаттары тек қана білім беру емес, сонымен қатар жас мамандардың болашақ қоғамдағы өмірлерінде көмек болатын негізгі құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Еуропа кеңесі бүгінгі таңда жас маманға қажетті болатын бес базалық құзыреттерді анықтады. Солардың арасында бірнеше шет тілдерді меңгеруді болжайтын — ауызша және жазбаша қарым-қатынас құру шеберлігі. Жоғарғы мектептің негізгі міндеті көптілді біліммен және көп мәдени дүниежүзімен өзара әрекеттесуге дайын болашақ полилингвалдық мамандарды дайындау болып табылады [3].

Демек, оқушылардың алдында шетел тілдерін (негізінде екі-үш тілді) меңгеру міндеті тұр, себебі жас маманның жеке тұлға ретінде және кәсіби өсуі көбінесе осыған байланысты болады. Жаңа міндеттердің қойылуы оқытушыдан шетел тілінде қарым-қатынас жасауға дәстүрлі оқыту түрінен еуропалық білім беру мен әлеуметтік мәдениет негізінде жүзеге асырылатын, мәдениаралық дидактика бойынша оқытуға көшуді талап етеді [4].

Шет тілін оқытуды студенттің өзінің және шетел мәдениетін толығымен оқи алатындай жүргізу керек. Осыған орай шет тілін оқытуға қатысты әр түрлі әдістер құрастырылған. Мақсаттың негізі ретінде мәдениаралық қарым-қатынасқа қажетті қарым-қатынастық құзыреттің жетістігін көрсетеді. Тілді және мәдениетті бір уақытта оқыту идеясы В.Г.Костомаровтың, Ю.Н.Караулованың, И.А.Халееваның, Г.И.Богинаның, В.П.Фурманованың, В.В.Сафонованың көптеген зерттеулерінің негізіне енді және зерттеушілердің құрған әдістемелік концепцияларында (лингвомәдени, әлеуметтік мәдени, мәдени аралық) және шет тілдерді оқыту әдістерінде практикалық тұрғыдан жүзеге асады.

Лингвистикалық елтанушылық әдіс нақты тіл иеленушінің мәдениетінің айырмашылықтарын анықтауға, әр түрлі мемлекеттердің халықтық мәдениеттеріне өзара сіңісу және халықтар арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ететін дұрыс қарым-қатынас үшін жағдайлар туғызады. Лингвистикалық елтану өз елі мен оқып жатқан шет елінің халықтық-мәдени игіліктерінен ақпараттарды алуға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарында жалпыеуропалық стандартқа және білім беру тұжырымдамасы мен тәрбие беруге көшу оқытудың кредиттік технологиясын, шетел тілдерін оқытудың деңгейлік үлгісін енгізумен, көптілдік білім беруді енгізуде жүргізілген тәжірибелерден басталды. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де жүргізілген тәжірибенің мақсаты көптілдік білім берудің үлгісін құруды қамтамасыз ететін және осы тәжірибені бақылайтын, педагогикалық құралдарды жетілдіру болып табылады. Үш тілді жетік меңгеру жеке тұлғаның көптілді меңгерудегі дамуына жетекшілік етеді, бұны біз адамның өзара әрекет жасауы үшін тілдік механизмдерді қайта құру процесі деп түсінеміз, ал кейінірек сонымен бірге үш немесе бірнеше тілдік жүйені қатарынан қолдану, алғашқы кезеңде тілді меңгеру бір тілден екінші тілге көшу дағдысын қалыптастыруды, ал кейіннен басқа жүйенің қызметіне анағұрлым жақсы жағдай туғызу үшін бір жүйені бейтараптандыруды талап етеді.

Қойылған мақсаты жеке тұлғаны дамытудың полилингвистикалық мазмұны мен оқыту стратегиясын анықтаудың тұжырымдамалық негізі болып көптілдік жағдайында тілді үйретудің әлеуметтік-мәдени әдістемесі қызмет етеді [5].

Дәл осы әдіс шетел тілін коммуникативтік-бағытталған халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде оқытуды, оны әлемдік мәдениетті, ұлттық мәдениет пен әлеуметтік және жеке мәдениетті тану элементі ретінде тығыз байланыста тиімді пайдалануды жүзеге асырады; елдер мен халықтардың рухани мұраларын және олардың тарихи-мәдени ескерткіштерін танып-білу; мәдениаралық түсіністікке жету тәсілі; шет тілін оқытуды студенттің өзінің және шетел мәдениетін толығымен оқи алатындай жүргізу керек. Осыған орай шет тілін оқытуға қатысты әр түрлі әдістер құрастырылған.

Лингвистикалық елтанушылық әдіс нақты тіл иеленушінің мәдениетінің айырмашылықтарын анықтауға, әр түрлі мемлекеттердің халықтық мәдениеттеріне өзара сіңісу және халықтар арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ететін дұрыс қарым-қатынас үшін жағдайлар туғызады. Лингвистикалық елтану өз елі мен оқып жатқан шет елінің халықтық-мәдени игіліктерінен ақпараттарды алуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың әлеуметтік-мәдени көптілдік дамуы оқу-тәрбие процесіне, барлық оқу пәндеріне тікелей қатысты және олардың дүниетанымын дамытуға, коммуникативтік мәдениеті мен рухани тілегін жетілдіруге, өздігімен білім алу және өздігімен даму қажеттігін дамытуға бағытталған. Көптілдік оқыту үлгісі қазақ, орыс және шетел тілдерін, интеграцияға орайлы мүмкіндік беретін оқыту тілдері ретінде қарастырады. Шетел тілі оқыту объектісі емес, білім алу, танып-білу құралы болып табылады. Үш жақты тиімділікке қол жеткізіледі: бір мезгілде жаңа білім игеріледі, дағдылар жетілдіріледі және шетел тілін меңгеру іскерлігі дамиды. Осы процесс кезінде барлық құралдар арқылы субординативтік типтегі тұлғаны көптілдік дамытуға қол жеткізіледі.

Қатар оқытылатын тіл құралдары арқылы әлеуметтік мәдени білім беру (мемлекеттік тіл, ұлтаралық қарым-қатынас тілі және шетел тілі) мәдениаралық қарым-қатынасқа дайындау үшін қажетті шарт болып табылады. Әлеуметтік-мәдени келісім аясында шетел тілдерін қарым-қатынас құралы ретінде оқыту дегеніміз — түрлі мәдениет қоғамдастық өкілдерінің және басқа адамдардың, сол сияқты әлеуметтік жеке мәдениет өкілдерінің функционалдық сертті коммуникативтік өзара әрекеті [6].

Қарым-қатынастық әдіс оқыту үрдісін қарым-қатынас үлгісі ретінде құрылуын ескереді. Басқа шет тілінде қарым-қатынасты ұйымдастыру кезінде жағдаяттылықты, тілдік іс-әрекеттің басқа іс-әрекет түрлерімен байланысын, дәлелдеушілікті, тілдік ойлау белсенділігін, мақсаттылықты, ақпараттылықты және басқа параметрлерді ескеру керек. Қарым-қатынастық әдіс идея көптілді білім беру идеясына жақын. Мәдениаралық әрекеттесудегі қарым-қатынастық мінез-құлық нақты халықтық-психологиялық ерекшеліктермен және осы қоғамда қабылданған салт-дәстүрлермен және ділмен қамтамасыз етіледі. Бұл өзінің лингвомәдени және халықтық-мәдени салт-дәстүрлерді және мінез-құлықтарды қолдана отырып, мәдениаралық қарым-қатынас субъектісі өзінің тілдік кодын ғана, сонымен қатар басқа салт-дәстүрлер мен мінез-құлықтарды, басқа әлеуметтік жүріс-тұрыстарды ескеру қажет.

Әлеуметтік-мәдени компонентінің идеясы шетел тілдеріне оқытудың мазмұнынан өз көрінісін табады. Оқытудың мақсаты, білетініміздей, оның мазмұнын анықтайды. Сондықтан қазіргі кезеңде көптілдік жағдайында білім берудің мазмұнын жаңарту, оқытудың технологияларын, жұмыстың формасын және әдістерін өзгерту негізгі міндет болып табылады [7].

Көптілдік білім беруді енгізуді бастаған факультеттер ұжымы қызметін эксперименталды талдау келесі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді:

1) оқу пәндерінің ішінде ана тілімен қатар тұратын, мәдениаралық қарым-қатынас тілі болып табылатын шетел тілін оқыту пәні және білім құралы ретінде қолдануға болады (ағылшын тілінде оқу курстарын дайындау);

2) оқыту технологиялары және тәсілдері (оқу процесінде шет тілінде білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін, тілді оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары және дәстүрлі емес формалары мен оқытудың интерактивтік тәртібі арқылы оқытатын, әдістемелік кешендерді пайдалану);

3) көптілдік негізінде оқытудың әр кезеңінің мақсаты (қазақ, орыс және ағылшын тілдерін 1-ші, 2-ші курстарда тереңдетіп оқыту, 3-ші курстан бастап арнайы пәндерді шет тілінде оқыту).

Көптілдік негізінде оқытуды ұйымдастыруға арналған оқытушылар дайындайтын шетел тіліндегі дидактикалық материалдар: көптілді білім беру мамандықтары үшін ағылшын тілінің негізгі курсы бойынша типтік оқыту бағдарламасы, көптілді білім беру мамандықтары үшін орыс тілінің негізгі курсы бойынша типтік оқыту бағдарламасы, көптілді білім беру мамандықтары үшін қазақ тілінің негізгі курсы бойынша типтік оқыту бағдарламасы, ОӘК (силлабустар), ағылшын-орыс-қазақ тілдерінің терминологиялық сөздіктері, грамматикалық анықтамалар, көптілдік білім беру жағдайында сабақты ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар беретін бағыт:

- студенттердің тілдік циклға жатпайтын нақты оқу пәнін жақсы сапалы дәрежеде меңгеруі;
- пәнді терең меңгеру және шет тілін пайдалану арқылы осы пәнді кеңінен қолдану;
- үш тілде терминологиялық білімнің белгілі дәрежесін қалыптастыру;
- жалпы оқу шеберлігін дамыту: арнайы сөздіктерді қолдана білу, баяндалу тіліне бағынышты болмай мәтінді оқудың бірыңғай стратегиясын меңгеру икемі, естіген және көргеніне байланысты өз ойын айта білу шеберлігі және т.б.;
- көптілдік тұлғаның жалпы мәдениетін көтеру және белсенді өміршең көзқарасы мен сыни ойлауын қалыптастыру;
- қазіргі көпмәдениетті әлемде оқытылатын тіл арқылы студенттерді белсенді және толық ынтымақтастыққа дайындау.

1-ші оқу жылына арналған ОӘК (силлабустар), берілген материалды кез келген оқытушыға қолдануға мүмкіндік беретін, бірыңғай құрылымнан тұрады. Екінші оқу жылынан бастап студенттердің сөздік қорын кеңейту және оларды мамандық пәндері бойынша дәрістерді тыңдауға дайындау мақсатында үш тілде арнайы терминологияны біртіндеп енгізілді. Жалпы алғанда барлық дидактикалық материал келесі принциптер негізінде құрылады:

- барлық пәндерді оқытуда интерактивті тәсілдерді қолдану;
- тілдік пәндерді меңгерудің бірыңғай тәсілдерін қолдану (қазақ, орыс және ағылшын тілдері): оқытудағы кредит/сағаттардың бірдей саны, студенттердің оқу деңгейіне қойылатын талаптың, оқу мерзімінің бірдей болуы;
- студенттерге білімнің түрлі саласында шетел тілін жеке маңызды қажетіне пайдалануға мүмкіндік беретін өздік жеке бағыттағы жұмыс;
- тілдік білім беруді әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарастыру;
- батыс еуропалық педагогика мен әдістемеді кеңінен таралған, студенттерді бір ортаға топтастыру тәсілі.

Оқытудың кредиттік технологиясы талаптарына сәйкес оқудағы жетістіктерді бақылау мақсатында үнемі өткізіліп тұратын мониторинг (тест жазу) көптілдік білім берудің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қорытынды бақылаудың нәтижесі ағымдық, үй тапсырмасы және аралық бақылаулардың нәтижесіне байланысты болады.

Жалпы алғанда тілдерді өзара байланыста оқыту тәжірибесі студенттердің білімін кеңейтеді, көптілді және көпмәдениетті тұлғаның жан-жақты дамуына тиімді әсер етеді.

Көптілді білім беру жүйесінің бірыңғай сабақтастық мақсатында барлық үш пән бойынша қорытынды бақылау білім берудің деңгейлі моделінің талаптарымен сәйкес жүргізілуі керек: сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша ауызша. Мұндай емтихан жазуда, оқуда, тыңдауда және сөйлеудегі дағдыларын және қабілеттіліктерін дамыту мен жетілдіру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы тілдерді өзара байланыспен оқытудың практикасы студенттерді өзара байытады, көптілді және көп мәдени тұлғаның жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Шет тілді оқыту үрдісінде пәнаралық байланыс орнату туралы көзқарас бар. Шет тілі, орыс тілі және қазақ тілі арасындағы мұндай байланыстың болғаны қарым-қатынастық мәдениетті шет тілінде, орыс тілінде және қазақ тілінде қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Туған тіл оқытудың қандай да бір деңгейінде шет тілді меңгерудің демеу ретінде қызмет көрсете алады. Оның көмегімен тек қана практикалық емес, сонымен қатар білім беру мақсаттарына жетуге болады. Бірақ экспериментті жүргізудегі нақты жетістіктерге қарамастан, көп уақыт талап ететін қиындықтар бар. Басты мәселе — ағылшын және қазақ тілдеріндегі білім деңгейлерінің әр түрлігінде, студенттің жалпы тұлғалық мәдени дамуында. Берілген дидактикалық материалдардың талдауы олардың ағылшын, туған және туған емес орыс тілдері, туған тілі ретінде қазақ тілі (бірақ та қазақ тілі туған тіл емес ретінде ОӘК-да көрсетілгендей) бойынша көптілігін белгілеуге мүмкіндік береді. Шет тілінде оқытылатын тілдік емес пәндер бойынша оқулықтар және оқыту-әдістемелік құралдар аз. Сондықтан қазақ тілінде қазақ тілі

бойынша, ағылшын тілі бойынша, арнайы пәндер бойынша ОӘҚ құрастыру және кезең-кезеңмен қолдануы тиіс. Арнайы пәндерді шет тілінде оқытудың әдісін оқыту керек. Шет тілінде негізгі және кәсіби циклдардың арнайы пәндерді оқыту әдістемесін оқыту қажет. Осы бағытта көптілді білім беру орталығы мен шет тілдері факультетінің және көптілді білім беру енгізілген факультеттерінің оқытушылары үлкен жұмыс жүргізуде.

Көптілді білім берудің ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру оқыту іс-әрекетімен байланысты болғандықтан, оның негізгі бағыттарының дамуы келесіде:

- көптілді білім беруді іске асыру үшін педагогикалық кадрларды дайындау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;
- тілдерді оқыту (мемлекеттік, орыс, шет) және жеке пәндерді шет тілінде оқыту мәселелерін қамтитын оқыту бағдарламаларды және оқыту-әдістемелік құралдарды құрастыру және жетілдіру [8];
- білім беру үрдісінің барлық қатысушылары үшін сапалы пәндік ортаны құру;
- көптілді бағытпен білім берудің мазмұнын жаңарту; Жалпы көптілді білім беруді дамыту концепциясы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынған «Тілдердің үштұғыры» атты мәдени жобасын жүзеге асыру үшін негіз болып табылады. Бұл жобаны күшейтілген халықаралық бәсекелестік есебімен Қазақстан дамуының ұзақ стратегиясының бағытының бірі ретінде есептеуге болады, өйткені оны жүзеге асыру бірнеше шет тілін меңгеріп, өзара даму және бәсекеге қабілетті жастарымыздың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Назаренко Г.А. Использование инновационных технологий обучения английскому языку в первом классе в системе полиязычия // Иностранные языки в школе. — 2008. — № 3. — С. 27–33.
2. Жетписбаева Б.А., Аязбаева С.С. Лингводидактический аспект учебно-методических комплексов в полиязычном образовании // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Педагогика. — 2011. — № 2. — С. 4–8.
3. Ломакина И.С. Изучение иностранных языков в ЕС в контексте политики мультилингвизма // Иностранные языки в школе. — 2008. — № 3. — С. 101–108.
4. Яковлева А.Д., Червонных А.В. Российский вариант билингвального образования европейской двуязычной школы. (Из опыта школы № 22 г. Перми) // Иностранные языки в школе. — 2006. — № 4. — С. 27–31.
5. Баранова Н.В., Гусева С.Б. Социокультурный компонент в содержании обучения немецкому языку // Иностранные языки в школе. — 2001. — № 4. — С. 42–45.
6. Сафонова В.В. Культуроведение в системе современного образования // Иностранные языки в школе. — 2001. — № 3. — С. 17–23.
7. Сысоев П.В. Языковое поликультурное образование: что это такое? // Иностранные языки в школе. — 2006. — № 4. — С. 2–14.
8. Жетписбаева Б.А. О проекте Концепции развития полиязычного образования в Республике Казахстан: Материалы междунар. конф. «Полиязычное образование в системе высшей школы: проблемы и перспективы: Материалы междунар. конф. — Астана-Караганда: Изд-во КарГУ, 2008. — С. 19–23.